

Циклограмма
Бір аптаға (12.09-16.09.2022 ж.).
II кіші «Алақай» тобы.

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 12.09.2022	Сейсенбі 13.09.2022	Сәрсенбі 14.09.2022	Бейсенбі 15.09.2022	Жұма 16.09.2022
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Тәрбиешімен сәлемдесуді үйрету. Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сұрақтарға жауап беру дағдысын қалыптастыру(сөйлеуді дамыту).				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың бала бақшаға жылдам бейімделу жағдайларын талқылау. Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, Үстел үсті ойыны «Ұқсасын тап», Дидактикалық ойын «Дәл осындайды тауып ал», «Анасын тап» Саусақ ойыны «Биші адамдар», Суретпен әңгіме: «Салыстыр да, атын ата» Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, ойыншықтарды топтастыру, кітаптарды қарау, Табиғат бұрышындағы тірі табиғат нысандарын бақылау. Балалармен жеке жұмыс.				
Таңертеңгі жаттығу	Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету) Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды толтырып сөйлемей. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жоны. Көңілді музыка қою. Қарапайым би қимылдары: шапалақтау және бір уақытта аяқпен тарсылдату, жартылай отыру, аяқтан аяққа тербелу (музыка) Балалар қандай ойындар ойнағысы келетінін айтуын қалыптастыру. «Менің отбасым» тақырыбында жеке әңгімелер. Сөзді тыңдай білуге, ересектермен және құрдастарымен тілдік қарым-қатынас жасауды дамыту, қарапайым Кім? Не? Не істейді? сұрақтарға жауап беруге үйрету. Қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау және т. б. (сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер		Музыка	Дене шынықтыру	Дене шынықтыру	Дене шынықтыру
	Отбасы суретін көрсету. -Суреттегі отбасы мүшелерін ата? -суреттегі отбасы мүшелерінің не істеп отырғандығы жайлы әңгімелеп беруін ұйымдастырып сөйлеу	Отбасы мүшелерінің суреттерін көрсітіп, әр бір мүшені атап, есімдерін атау дағдысын қалыптастыру (сөйлеуді дамыту) Балалардың қалауы бойынша әженің хемпигтері тақырыбында	Отбасы бейнеленген кітаптар қарау. Тек адамдардың емес, жануарлардың отбасы мүшелерін қарау негізінде дұрыс сөйлеуді дамыту (сөйлеуді дамыту) Мысық пен күшік	Үстел үсті театры арқылы «Шалқан» ертегісін тыңдап, айтып берумен эмоционалды қабылдауды үйрету. (көркем әдебиет) ертегі кейіпкерлерін тану, көрсетіп атату. Не істеді сұрағына жауап	Ата мен әжелерінің суретін қарау. Олар туралы не білетіндерін айтқызу мен сөйлеуді дамыту «Бес саусақ» өлеңін қайталап айтуға талпындыру Бас бармағым – атам,

	дағдысын, сөз қорын кеңейтіп дамыту. (сөйлеуді дамыту) «Отбасы» рөлдік ойындарын ойнаумен. Қуыршаққа күтім жасау, алдылеу, ән айту дағдысын қалыптастыру (көркем әдебиет, музыка)	домалақтар сурет салу, ермексаздан дөңгелек мүсін жасау, жапсыру жұмыстарын орындау дағдысын жетілдіру (сурет салу, мүсіндеу, жапсыру) Құрастыру материалдарынан үйшік құрастыруды дамыту. (құрастыру)	ойнайтын допты ермексаз мүсіндеуді пысықтау. (мүсіндеу) Жануарлар отбасына үйшік құрастыруды пысықтау. (құрастыру)	беруді үйрету. (сөйлеуді дамыту) Көңілді музыка қойып балалардың қарапайым би қимылдарын жасау: шапалақтау және бір уақытта аяқпен тарсылдату, жартылай отыру, аяқтан аяққа тербелуін жетілдіру (музыка)	үйдің данасы Балан үйрек - әжем, ошақ анасы Ортан терек - әкем, отау панасы Шылдыр шүмек – шешем, шанырақ ажары Титтей бөбек – мен, бәрінің базары (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)
Серуенге дайындық	Көрсету бойынша киімдерін киінеді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіреді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындай алады. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Отбасымен тұратын үйшікті бормен салуды пысықтау. (сурет салу) Күз мезгілінің ерекшеліктеріне назар аударту. Жел соғып тұр, далада салқын секілді сипаттарды атауын қалыптастыру (қоршаған ортамен таныстыру) Еркін ойындар	Нешеуіміз? тақпағын жаттауға талпындыру Бір үйде біз нешеуіміз? Кел, санайық екеуіміз. Бас бармағым –әкем Балалы үйрек-анам. Ортан терек –ағам Шылдыр шүмек –мен, Кішкене бәбек –сен Бір үйде біз нешеуіміз? Бір үйде біз бесеуіміз. I.Шұғаев (көркем әдебиет) Жел қалай соғады. Жалырақтардың тербелгенін көрсету. (қоршаған ортамен таныстыру) Еркін ойындар, жеке жұмыстар	аулада тазалық жұмыстарын ұйымдастырып балаларды жапырақтар теруге қатыстырып еңбектенуге үйрету. (қоршаған ортамен таныстыру) Еркін ойындар. Қимылды ойын: «Нысанға қарай жүгір»	Қимылды ойын: «Поезд» поезда бара жатқанда желді бақылау. Аялдамаларда жапырақтардың қай ағаштар түскенін табу атау дағдысын дамыту. (қоршаған ортамен таныстыру) Еркін ойындар	Бакша ауласындағы ағаштар мен гүлдерді бақылау. Түстерін атау. (қоршаған ортамен таныстыру) Ағаштардың түскен бұтақтарын жалырақтарын жинап, шелекке салу (сенсорика) Еркін ойындар
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. (дербес қимыл әрекеті).				

Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балалардың үстел басында дұрыс отыру, үстелді даярлау заттармен таныстыруды жалғастыру (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)				
Күндізгі ұйқы	Киімдерді шкафаға немесе орындыққа ұйқыға жатар алдында ұқыпты жинау білігін бекіту. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (көркем әрекет)				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құргатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Бесін ас	Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, асты тауысып жеуге дағдыландыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Балалардың қалауы бойынша дамытушы орталықтарда еркін іс әрекеттер. Отбасы мүшелерін қағаз бетіне қоюға және құрастыруға үйрету (жапсыру) ермексазды дұрыс қолдану біліктерін жетілдіру, доп жасау (мүсіндеу) доп салуды шысықтау (сурет салу)	Таклақтарын қайталау. Би үйрену. (көркем әдебиет, музыка) Көлемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі ойыншықтарды топтастыру (сенсорика) Өнер орталықтарында еркін іс әрекеттер	(көркем әдебиет) Балалардың қалауы бойынша еркін тақырыпта кітіптардан сурет қарау сұрақтарға жауап беруін дамыту	Еркін іс әрекеттер Сенсорлық ойындар, кітаптардан шалқан ертегісінің суреттерін фланелеграфқа ертегі кейіпкерлерін ретімен жапсыру. (сенсорика, жапсыру)	Балалардың қалауы бойынша әжелерге арнап моншактың суретін салу. Түрлі түсті ермексаздан моншак (дөңгелек) жасау. Фланелеграфқа моншак бөлшектерін жапсырып, моншак тізу. (сурет салу, мүсіндеу, жапсыру) Еркін іс әрекеттер
Балалармен жеке жұмыс					
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше, ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				

Серуен	Қ/о «Шенберге тез тұр» ойындар Жеке әңгімелесулерде баланың сөйлеу дағдысын жетілдіру	Кешкі табиғаттың ерекшеліктерін атау. «Күн тун» ойынын ойнату арқылы уақыт бағдарлау дағдысын қалыптастыру. Қ/О «Поезд»	Қол қимылын дамытуға арналған ойыншықтармен ойындар (сенсорика) Қ/о «Шенберге тез тұр»	Қ/о «Күн мен жаңбыр» Бүгінгі күннің ерекше сәттері жайында әңгімелесу	Қ/О Құстардың ұшып келуі» Еркін ойындар.
Балалардың үйге қайтуы	Отбасылық сурет беріп жіберуін сұрау.	Отбасында қандай ойындар ойнауға болады кеңес беру.	Отбасындағы баланың рөлі туралы сұрау.	Ата әжесінің суреттерін беріп жіберуін өтіну	Іс шарадан алған әсерлерін сұрау.

«Тексерілді»

Бөбекжай бөлімшесі:

Ү.Г.Нурмухамедова

«04» 09/2022 ж.